

«Хабар» Агенттігі» АҚ
Директорлар кеңесінің 2017
жылғы 15 қарашадағы
шешімімен бекітілді
№ 6 хаттама

**«Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының
тәуекелдерін басқару саясаты**

Астана қ, 2017 жыл

1. Жалпы ережелер

1. «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының тәуекелдерін басқарудың саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) ішкі актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Саясат тәуекелдерді басқарудың негізгі мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттары мен әдістерін, тәуекелдерді талдау мен бағалау тәсілдерін, Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыруды айқындайды.

3. Саясат Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесіндегі негізгі құжат болып табылады және төмендегілерді айқындайды:

- 1) Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің ұйымдық құрылымы;
- 2) тәуекелдерді басқару жүйесін құрудың негізгі қағидаттары;
- 3) Қоғамның тәуекелдерін жіктеудің жалпы тәсілдері;
- 4) тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі компоненттері мен элементтері.

4. Тәуекелдерді басқару процесінің әдістері мен рәсімдерінің сипаттамасы, тәуекелдерді басқару жөніндегі есептілікті ұсыну тәртібі, Саясатта көрсетілмеген тәуекелдерді басқару процесінің басқа да құрамдас бөліктері Қоғамның басқа да ішкі нормативтік актілерінде көрсетілген.

5. Саясат Қоғам қызметінің негізгі түрі мен кіші түрлеріне қатысты қолданылады және Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің құзыреттері мен функционалдық міндеттерін іске асыру кезінде оларды қолдануы үшін міндетті болып табылады.

2. Негізгі анықтамалар мен қысқартулар

6. Осы Саясатта мынадай анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) сыртқы тәуекел-факторлар – Қоғамның операциялық қызметінің шегінен тыс туындайтын және Қоғамның қызметіне байланысты емес тәуекел факторлары;

2) ішкі тәуекел-факторлар – Қоғамның ішкі процестерімен, ұйымдық құрылымымен, адами ресурстарымен, активтерімен байланысты және Қоғамның операциялық қызметі шеңберінде туындайтын тәуекел факторлары;

3) тәуекел иесі - белгілі бір тәуекелді сәйкестендіруге, бағалауға және басқаруға жауап беретін қызметкер (немесе) құрылымдық бөлімше;

4) тәуекел - іске асырылған жағдайда Қоғамның өзінің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізуіне елеулі теріс әсер етуі мүмкін болашақтағы оқиға немесе мән-жайлардың жиынтығы;

5) тәуекелдер картасы - Қоғам тәуекелдерінің ықтимал әсер ету шамасына және іске асыру ықтималдығына қарай олардың графикалық бейнеленуі;

6) тәуекелдер тізілімі - Қоғам өз қызметі процесінде тап болуы мүмкін тәуекелдер тізбесі;

7) тәуекел-менеджер – функциясына тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметті ұйымдастыру мәселелері кіретін Қоғамның қызметкері;

8) тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) - бірыңғай процеске біріктірілген өзара байланысты іс-қимылдар жүйесі, оның шеңберінде Қоғамды басқару органдары, Қоғамның және Филиалдың құрылымдық бөлімшелері Қоғамның

қызметіне ықпал етуі мүмкін оқиғаларды анықтауға және басқаруға қатысады;

9) сындарлы тәуекелдер – басшылықтың, тәуекелдер иелерінің және/немесе тәуекел-менеджердің пікірі бойынша Қоғамның қызметіне және оның стратегиялық көрсеткіштеріне қол жеткізуіне неғұрлым теріс әсер етуі мүмкін неғұрлым елеулі тәуекелдер;

10) алдын алу іс-шаралары – Қоғам қызметіне теріс ықпалдың туындау ықтималдығын азайту немесе оны азайту мақсатында тәуекелді іске асырғанға дейін жүргізілетін тәуекелдер иелерінің іс-әрекеттері;

11) кейіннен ден қою іс-шаралары – тәуекелдер иелерінің теріс салдарларға жедел кері әрекет ету және оларды азайту мақсатында тәуекел іске асырылғаннан кейін жүргізілетін іс-әрекеттері;

12) контрагент - Қоғамның құқықтық қатынастары бар не одан әрі туындауы мүмкін жеке немесе заңды тұлға;

3. Саясаттың мақсаттары мен міндеттері

1. Саясаттың негізгі мақсаттары:

1) тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті тұрақты жетілдіру;

2) Қоғам үшін тәуекелдерді басқаруды нақты және түсінікті қағидаттар негізінде жүзеге асыру мүмкіндігін қалыптастыру;

3) туындайтын тәуекел оқиғаларына жедел кері әрекет ету, сыртқы және ішкі ортадағы өзгерістерді қадағалау, қабылданған тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету;

4) Қоғамның тәуекелдерін басқару жүйесінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету;

2. Саясаттың негізгі міндеттері:

1) ресурстарды пайдалану мен бөлудің тиімділігін арттыру;

2) кірістілік пен тәуекелдің теңгерімді арақатынасын қамтамасыз ету;

3) қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, бақылауға және мониторингке негізделген тәуекелдерді басқарудың үздіксіз келісілген процесін қамтамасыз ету;

4) бизнес-процестердің тиімділігін, ішкі және сыртқы есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және заңнама талаптарының сақталуына жәрдемдесу;

5) шешімдер қабылдау және жоспарлау процесі үшін тәуекелдердің толыққанды дерекқорын құру.

4. Тәуекелдерді басқару принциптері

3. Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) процестің үздіксіздігі: Қоғамдағы тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады. Қоғам тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалайды, оны түзетеді, сондай-ақ сыртқы және ішкі ортадағы өзгерістерді ескере отырып, тәуекелдерді қайта қарауды жүзеге асырады;

2) процестің кешенділігі: тәуекелдерді басқару бүкіл Қоғамның қызметіне

жүзеге асырылады және басқарудың барлық деңгейлеріндегі Қоғамның барлық бизнес-процестеріне қолданылады;

3) хабардарлық: тәуекелдерді басқару объективті, шынайы және өзекті ақпарат негізінде негізделеді;

4) циклдік: тәуекелдерді басқару процесі оның негізгі бөліктерінің циклын үнемі қайталайды;

5) орындылығы: Қоғам үшін тәуекелдерді төмендету шығындарынан және тәуекелдерді іске асырудан ықтимал болатын залалдың салыстырмалылығы;

6) жүйелілік: тәуекелдердің барлық түрлерін басқару қызметтің барлық негізгі салалары бойынша, Қоғамды басқарудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады.

5. Қоғамның басқару органдарының тәуекелдерді басқару жөніндегі құзыреті

10. Қоғамда тәуекелдерді басқару тұрақты және үздіксіз процесс болып табылады, оны Қоғамның барлық басқару органдары, құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері жүзеге асырады.

Қоғамның басқару органдарының және Қоғам мен Филиалдың тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшелерінің құзыреттеріне қарай Қоғамда құзыреттердің төрт деңгейі белгіленеді.

11. Тәуекелдерді басқару процесіндегі бірінші деңгейге Директорлар кеңесінің мынадай бөліктегі құзыреті жатады:

1) Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін, оның ішінде Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты және Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі әдіснамалық құжаттарын бекіту арқылы қамтамасыз ету;

2) тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі басым бағыттарды айқындау;

3) Қоғамның тәуекелдерін басқару жөніндегі қағидалар мен рәсімдерді бекіту.

12. Тәуекелдерді басқару процесіндегі екінші деңгейге Басқарманың мына бөліктегі құзыреті жатады:

1) тәуекелдерді басқару саясатының орындалуын, тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдердің сақталуын, тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарлардың іске асырылуын бақылау;

2) тәуекелдерді басқару жөніндегі есептілікті ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындау;

3) Қоғамның тәуекелдер тізілімі мен картасын бекіту;

4) тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту.

13. Тәуекелдерді басқару процесіндегі үшінші деңгейге тәуекел-менеджердің мынадай бөліктегі құзыреті жатады:

1) тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау процесін ұйымдастыру және үйлестіру;

2) тәуекелдерді басқару процесін енгізу және жетілдіру;

3) тоқсан сайынғы негізде есептілікті ұсыну.

14. Тәуекелдерді басқару процесіндегі төртінші деңгейге Қоғамның құрылымдық бөлімшелері басшыларының және қызметкерлерінің төмендегі бөліктегі құзыреті жатады:

1) тәуекелдерді сәйкестендіру және оларды басқару жөніндегі тұрақты

жұмысты ұйымдастыру;

2) өзінің функционалдық міндеттері саласында тәуекелдердің әлеуетті әсеріне мониторинг жүргізу;

3) тәуекелдерді азайту бойынша іс-шаралар жоспарын орындау.

4) тоқсан сайынғы негізде анықталған тәуекелдер бойынша есептілікті ұсыну.

15. Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару процесінде бақылау органы болып табылады және төмендегілерді жүзеге асырады:

1) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;

2) Қоғамда тәуекелдерді басқару рәсімдерінің және тәуекелдерді бағалау әдіснамасының қолданылуы мен тиімділігін бағалау.

6. Тәуекелдерді сәйкестендіру

16. Тәуекелдерді сәйкестендіру үшін құрылымдық бөлімшелер қызметі тиімділігінің түйінді көрсеткіштері мен стратегиялық мақсаттары негізінде тәуекелдерді сәйкестендіру, талқылаулар, интервью беру, сауалнама жүргізу, аудиторлық және өзге де тексерулердің нәтижелері бойынша есептерді талдау, «Хабар», «Хабар 24» телевизиялық арналарының рейтингтерін қадағалау және т.б. сияқты түрлі әдістемелер мен құралдардың комбинациясы пайдаланылады.

17. Тәуекелдерді сәйкестендірудің негізгі мақсаты:

1) тәуекелдер және оларды басқару әдістері туралы хабардар болуды арттыру;

2) қойылған міндеттерге қол жеткізуге сенімділік деңгейін арттыру;

3) Қоғамның тәуекелдерін жүйелеу;

4) аса күрделі тәуекелдерге назар аудару.

18. Қоғамда тәуекелдердің мынадай жіктелісі қабылданды (тәуекел түрлері):

1) стратегиялық тәуекелдер;

2) қаржылық тәуекелдер;

3) операциялық тәуекелдер;

4) құқықтық тәуекелдер;

5) техникалық тәуекелдер;

6) бедел тәуекелі.

19. Стратегиялық тәуекелдерге Қоғамның даму стратегиясы мен қызметін айқындайтын шешімдер қабылдау кезінде жіберілген қателердің нәтижесінде қаржылық және қаржылық емес шығындардың туындау, сондай-ақ Қоғам қызметінің перспективалық бағыттарын жеткілікті түрде анықтамау тәуекелі жатады.

20. Қаржылық тәуекелдерге көзі Қоғамның және/немесе оның контрагенттерінің қаржылық операциялары болып табылатын Қоғам үшін қолайсыз салдарлардың туындау тәуекелдері жатады;

21. Операциялық тәуекелдерге қате ішкі процестер, қызметкерлер мен жүйелер іс-әрекеттері және/немесе сыртқы оқиғалар салдарынан қаржылық және қаржылық емес шығындардың туындау тәуекелдері жатады. Операциялық тәуекел стратегиялық және бедел тәуекелдерін қоспағанда, тексеруші органдардың іс-қимылдарының, сондай-ақ сот талап-арыздарының нәтижесі

болып табылатын Қоғамның айыппұлдарды, өсімпұлдарды төлеуіне немесе өндіріп алуына байланысты тәуекелдерді қамтиды.

22. Құқықтық тәуекелдерге Қоғамның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы не Қоғамның құрылымдық бөлімшелері қызметінің ішкі нормативтік актілерге сәйкес келмеуі салдарынан сот талаптары мен сотқа дейінгі талаптардың туындау тәуекелдері жатады.

23. Техникалық тәуекелдерге технологиялық мүмкіндіктердің төмендігі, жабдықтың істен шығуы мен бұзылуы, қолда бар жабдыққа үнемі алдын-алу және сапасыз жөндеу жүргізу мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде өндірістік процестің бұзылу ықтималдығының туындау тәуекелі жатады.

24. Бедел тәуекелдеріне теріс қоғамдық пікірдің немесе Қоғамға сенімнің төмендеуінің салдарынан қолайсыз нәтиженің туындау тәуекелдері жатады.

7. Тәуекелдерді бағалау

25. Тәуекелдерді бағалау процесі Қоғамның қызметіне теріс әсер етуі мүмкін оқиғаларды анықтау және Қоғамның мақсаттарына қол жеткізу үшін жүзеге асырылады. Сыни тәуекелдер ерекше назар аударуды талап етеді және оларды басқару және осы тәуекелдер бойынша мониторингті ұйымдастыру туралы шешім қабылдауы тиіс Қоғам Басқармасы қарау қажет.

26. Тәуекелдерді бағалау әрбір тәуекелдің пайда болу себептерін, оларды іске асыру кезіндегі ықтимал теріс салдарларды және белгілі бір тәуекелдің іске асырылу ықтималдығын қарастыруды қамтиды.

27. Бастапқыда тәуекелдерді бағалау сапалы негізде жүргізілуі керек, содан кейін ең маңызды тәуекелдер үшін сандық бағалау жүргізілуі мүмкін. Сандық бағалауға жатпайтын тәуекелдер тек сапалық негізде бағаланады.

28. Барлық сәйкестендірілген және бағаланған тәуекелдер тәуекелдер картасында көрсетілуі тиіс.

Тәуекелдерге сапалық және сандық бағалау жүргізу тәртібі «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидаларында айқындалады.

8. Тәуекелдерді басқару

29. Тәуекелдерді басқару теріс әсерді және шығындардың ықтималдығын азайтуға немесе туындаған қызмет тәуекелдеріне байланысты қаржылық өтемді алуға мүмкіндік береді.

30. Қоғам туындайтын тәуекелдерге ден қою әдістерін айқындайды және мынадай іс-қимылдарды қамтуы мүмкін тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді:

1) тәуекелдің туындау көзі болып табылатын іс-әрекетті жалғастыруға немесе қабылдауға қарсы шешім қабылдау арқылы тәуекелден кету (жалтару)/тәуекелден аулақ болу (мысалы, іске асырудың баламалы сценарийі);

2) жауапкершілік пен міндеттемелерді бөлуге мүмкіндік беретін түрлі тетіктерді (мысалы, сақтандыру келісімдерін жасасу) пайдалануды қоса алғанда, тәуекелді басқа контрагентке беру/бөлу немесе тәуекелді ішінара беру;

3) тәуекелдерді азайту және бақылау, яғни тәуекел іске асырылған жағдайда

алдын алу іс-шараларын пайдалану және іс-қимылдарды жоспарлау арқылы әсер ету, бұл ықтимал ысыраптардың деңгейін төмендету мақсатында тәуекелді іске асыру ықтималдығының дәрежесін азайту жағына қарай өзгертуді және тәуекелді іске асырудан туындайтын себептерді немесе салдарларды өзгертуді қамтиды;

4) оның деңгейі қолайлы екенін білдіретін тәуекелді қабылдау және оны барынша азайту жөніндегі іс-шараларды көрсету және қолдану мүмкіндігі қабылданады.

31. Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарлары барлық құрылымдық бөлімшелердің орындауы үшін міндетті болып табылады.

9. Тәуекелдерді мониторингілеу және бақылау

32. Қоғамның тәуекелдерін басқару процесіне мониторинг және бақылау тәуекелдерге ден қою бойынша нақты шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және мақұлдау, келісу, лимиттерді белгілеу, жүргізілетін операцияларды талдау, міндеттерді бөлу және т.б. сияқты шараларды қамтиды.

33. Бақылауды қамтамасыз ету шеңберінде Қоғамда тәуекелдерді басқару бойынша тиісті іс-әрекеттерді немесе көрсеткіштерді енгізудің орындылығын айқындау үшін процестерге кезең-кезеңімен талдау жүргізіледі, сондай-ақ теріс салдарлар мен тәуекелдердің ықтималдығын азайтуға мүмкіндік беретін нақты шаралар әзірленеді және іске асырылады.

34. Тәуекелдерді басқару процестерін бақылауды жүзеге асыру кезінде мынадай талаптарды басшылыққа алу қажет:

- 1) Қоғам тәуекелдерін белгіленген нормаларға сәйкес келтіру мүмкіндігі;
- 2) Қоғамдағы тәуекелдерді бақылау рәсімдерін жүзеге асыру кезінде кері байланыстың болуы.

9. Қорытынды ережелер

35. Саясат Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі. Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен қажеттілігіне қарай, сондай-ақ Қоғамның Даму стратегиясы өзгерген жағдайда енгізіледі,

36. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе Қоғам Жарғысын өзгерту нәтижесінде Саясаттың жекелеген тармақтары оларға қайшы келетін болса, онда Саясат одан әрі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылуға тиіс.

37. Саясаттың талаптарын орындамағаны үшін Қоғамның лауазымды тұлғалары, тәуекел-менеджер, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өз құзыреттері шегінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.
